

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Рухани құндылықтардың маңызы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
30.03.2022СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/117601/

## Рухани құндылықтардың маңызы

Адамның бай рухани әлемі ғылыми көзқарасты, экологиялық қауіпсіздікті, әлеуметтік әділеттілікті және моральдық идеяларды біріктіреді.

Бүгінгі таңда ұрпақты тәрбиелеуде педагогтарға, жалпы қоғамға үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Өмірдің әр саласының даму қарқынымен, сауатты, салауатты, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде рухани құндылықтардың маңызы бар. Бауыржан Момышұлы атамыздың «Рухани жағынан аздындаған адам ғана, Отанына опасыздық жасайды» — деп айтқаны рухани байлықтың мәнін айқындап тұрғандай.

Мәңгілік адамгершілік-рухани құндылықтарға негізделген кемел мінезді, Абай атамыздың сөзімен айтсақ, толық адам тәрбиелеу қазіргі қоғамның басты қажеттілігі. Адамгершілік тәрбиесі-білім ошақтарының күн тәртібінен түскен емес. Солай десек те, отбасынан бастау алатын тәрбиеге тек ұстаздар ғана емес, ата-ана, қоғам да кірісуі керек. Бүгінгі ұрпақтың тәрбиесі-ертеңгі күннің кепілі. Не ексең, соны орасың дегендей, бұл немқұрайлықты көтермейтін үлкен жауапкершілік.

Абай атамыздың «Естілердің айтқан сөзін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады демекші, айтушы ақылды болса, тыңдаушы дана болады дегенге келіп тұр.

Менің пікірімше бала тәрбиесіне мән берудің бастауы-педагог мамандарды өте ыждағаттылықпен дайындау қажет сияқты. Бұл мамандықты қалап келген шәкірт-өз бойына білімімен қоса, адамды сүю, рухани құндылықтарды бағалау, тіпті жүріс-тұрысын тәрбиелеу керек деп ойлаймын.

Балаларға рухани құндылықтарды сіңіру үшін, ашық сабақтарды, мерекелерді ғана пайдаланбай, күнделікті сабақтың тынысы ретінде бағыттау керек. Олай дейтініміз қоғамдағы көп келеңсіздіктер, жастардың өзіне-өзі есеп бермеуі, кей жағдайда ұстаздарды, ата-аналарын сыйламауы соның белгісі.

Өмір қайшылықтарға, қақтығыстарға толы. Рух-бұл үйлесімділікке негізделуі керек бірлік. Үйлесімділік бар жерде, рух күтпеген мүмкіндіктерге жол ашады, физикалық

жазықтықтан тыс сананың кеңею процесі жүреді және адам өзінің шындығын басқа жолмен ашу қабілеттілігіне ие болып, жоғары білім алуға жетелейді. Үйлесімділік адамдарға айналасындағылардың бәріне амандық, жақсылық тілеуге мүмкіндік береді. Қайырымдылық-рухани дүниесі бай адамға тән дүние.

Қайырымдылық аз нәрсемен көмектесіп, үлкен жүрекпен табыс ету. Оның сыртында рухани кемелденген жандар-әркімге өз ақыл-кеңесімен, білгенімен бөлісу арқылы үлкен іс бітіріп жатады. Қайырымдылық ұлттық болмысымызда бар кеңдікпен өлшенеді.

Сенім, үміт-адамдарды сан тығырықтан шығарып, болашаққа жол бастаушы дүние. Рухани құндылықтар адам үшін маңызды болып табылатын, адамның моральдық, дін, адамгершілік және этикалық сенімдерінің жиынтығы.

Міне, осы құндылықтарды бала бойына күнделікті дарытып отыру керек. Біз көзбен түзеп, сөзбен тәрбиелеп қазақ деген ұлттың ұрпағымыз.

Адам бар жерде құндылықтар да қатар жүреді. Ол адамға ғана емес, қоршаған ортаға да тікелей байланысты. Ол материалдық, рухани, мәңгілік құндылықтар.

Ал, психология тұрғысынан айтсақ, құндылық дегеніміз-өзін қоршаған ортада жеке тұлғаның бағалайтын заттары не құбылысы. Ол ынталандыру ұғымымен тығыз байланысты.

Рухани тәрбиенің негізі-біз үшін ұлттық құндылықтарға негізделуі керек. Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі заман талабы. Ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыру отырып, дамыту-рухани құндылықтарға әкеледі. Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын арттыру. Адамгершілік-адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталған. Адам бойына жинайтын ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, сенімділік қасиеттерін тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Ата-ананың баласына беретін ең үлкен байлығы-тәрбие екенін ұмытпауымыз қажет.

Тамағы тоқтық,

Жұмысы жоқтық,

Аздырар адам баласын. — деген Абай атамиздың сөздері барына масаттанып, құндылықтарға ден қоймайтын жандарға арнайды. Ал «Адамзаттың бәрін сүй,бауырым» деп ұлы ақын рухани кемелділікке шақырғандай болып көрінеді.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.